

Идеология өзгеруі – халық дамуы

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының
аға оқытушысы, филос.ғ.к., К.Ә. Бияздықова

Аннотация: Қоғамдық-экономикалық формациялармен, мемлекеттік құрылыспен қатар туып, байланысты дамып келе жатқан табиғи да толассыз қоғамдық құбылыс. Идея, идеология дегеніміз тек қалыптасып қалған қатаң түсінік емес, даму барысында күн тәртібіне қойылып отыратын мақсат-мүдде. Болмаса – идеология дегеніміз белгілі бір мақсатқа бағытталған идеялар жүйесі. Осы идеяларды жүзеге асыру арқылы ұлттық немесе әлеуметтік топтың түпкілікті мақсатқа жетуі көзделеді. Сонымен идеология жеке мүддені қолпаштайтын белгілі бір жүйеге келтіріліп, өңделген көзқарастардың жинтығы болып табылады. Мұндай жүйелерді арнай идеологиялық қызметкерлер жасайды. Идеологияның көптеген әлеуметтік мәдени функциялары бар, маңыздылардың бірі күрделі дифференциалды қоғамда әлеуметтік бірлікті спецификалық құндылықтар бағыты мен белгілі бір мақсатқа деген сенім арқылы құру деп түсінуге болады.

Annotation: Societys-economys was alongside born and structures, state building, associate developing and natural continuous public the phenomenon. Strict, at that we said idea, ideology, formed the last name, not concept, and development flow to routine the daily put aim-interest. Not be is the system of ideas, at that we said ideology, was directed known one to the aim. These the ideas to carry out to arrive at permanent aim through your national or social group envisaged. Ideology individual interest supports known one to the system келтіріліп That, looks, that were made, set is. Such the system, intending ideologys does office workers. Ideology increases social cultural function goes, important one difficult differentials society social unity specifics value direction me known one aim talks trust through creates talks understands

Қазіргі қазақстан қоғамының мәдени құрушы функциясын атқаратын, идеология механизмінің ерекшелігі.

Алғаш рет «идеология» деген терминді француз философы және экономист Де Гресси (1754-1836) қолданды. Ол «Идеологияның элементтері» деген төрт томдық еңбек жазған. Оның пікірінше, идеология идеялар туралы ғылым, ол барлық табиғат және қоғам туралы ғылымдардың, саясат, этика және тағы басқа әлеуметтік құбылыстардың негізіне жатуға тиіс. Бірақ «идеология» деген сөздің кең тарауына себепкер болған адам – Наполеон Бонапарт. Ол либерал журналистерді, саясатшыларды «идеологтар» деп атап, оларды жаратылыстанумен айналысатын ғалымдарға және шынайы әрекет иесі белсенді адамдарға қарсы қойды. Француз императоры саяси сайқалдыққа тұрақсыз және алдамшы қоғамдық пікірге көп көңіл аударатын мемлекеттік қайраткерлерге жиіркенішпен келемеждеп қарайтын. Осы кезде қоғамның күнделікті өмірінен, алдында тұрған көкейтесті мәселелерден және мемлекеттің шынайы саясатына алшақ идеяларды коштап таратушы адамдарды «идеологтар» деп атады. К. Маркс пен Ф. Энгельстің 1845 жылға

дейінгі жазылған еңбектерінде де «идеология» деген термин осы мағанада қолданылады. Бұл кезде Германияда Гегельдің философиялық мектебі ыдырап, тұрпай социалистік теориялар пайда болды. Маркс пен Энгельс осындай идея, түсініктердің жиынтығын менсінбей, «неміс идеологиясы» деп атады. 1845 жылдан бастап олар идеология туралы өз түсініктерін қалыптастырды. XIX және XX ғасырлардағы идеология туралы айтылған ой-пікірлер маркстік пікірмен ұштасып, сабақтасып жатыр. Маркстік идеологияның мәні туралы түсінігінің қалыптасуында екі кезеңді ажыратуға болады. Бірінші кезеңде идеология өзіндік негізі, тірегі жоқ жалған сана деп түсіндіріледі. Идеологиялық ғылымға, әсіресе, Маркс пен Энгельс қалыптастырған тарихқа материалистік көзқарасқа қарсы қойылады. Олар идеологияға философиялық идеализмді де жатқызады.

Идеологияның мәнін пайдаланудың екінші кезеңі К. Маркстің «*Капиталды*» жазуымен (1857) байланысты. Бұл кезде идеология тілек, мақсат (*таптық, таптық және тағзы басқа*) тұрғысынан шындықты бейнелейтін сана ретінде түсіндірілді. Осылайша идеология дегеніміз жеке тілек, мақсатты ғылым, көркемөнер, мораль, саясат, құқық тілінде көтермелеп өткізу, жұртшылықтың санасына арбап құю. Осы мақсатта ғылым тілінде, ғылыми терминологияға көп жүгінеді. Идеологияландыру саналы түрде және санасыз түрде де жүзеге асырылады. К. Маркс бұл кезде идеологияны тек ғылымға ғана емес, жалпы еркін рухани өндіріске, яғни барынша объективті, сондықтан да жалпы (*жеке емес*) тілек, мақсатты білдіруге бағытталған танымдық, көркемдік және басқа қызметке қарсы қояды. Экономикалық теория саласында К. Маркс а) экономикалық шындықты объективті түрде танып білуге ұмтылған классикалық саяси экономияны және ә) осы теория құралдарын пайдаланып, таптық мүддені анықтап, шындықты танып білуге ұмтылатын тұрпайы саяси экономияны ажыратып көрсетеді. Сол сияқты К. Маркс ғылым мен идеологияны бір-біріне жалпы, абстракты түрде қарсы қоюға болмайтындығын, ғылымының өзінде идеологияландыру кезеңі, сәті кездесе беретіндігіне көңіл аударады. Осы жайды ол физиократтардың, А.Смит, Д.Рикардо еңбектерін талдау үстінде байқап көрсетеді.

Идеологияның бұл түсінігі бірінші кезеңде қалыптасқан түсініктен ерекше, сонымен бірге оның негізгі сәттерін де ұмыт қалдырмай қабыл алған. Өз ілімдерін Маркс пен Энгельс жалған сана ретінде идеологияға қарсы қояды, әрі оны объективтік таным және білімнің синонимі ретінде теория не ғылым деп есептеді. Осы жәйді дұрыс түсінбеген В.И. Ленин кейін «ғылыми идеология» деген жаңсақ пікірді ұстанған СОКП «*партиялық идеология*», «партияның идеологиялық саясатын» тым жоғары көтерді. Бірақ К.Маркстің

кеменгер ғалым, оның мұрасының уақыт таразысынан өтіп, болашақпен үндесіп жатқан жақтарын да мол екендігін де ұмытпаған жөн. Маркстің идеология туралы айтқандары – соның дәлелі. Сонымен, идеология бүгін ғана қалыптасқан ұғым емес. Қоғамдық-экономикалық формациялармен, мемлекеттік құрылыспен қатар туып, байланысты дамып келе жатқан табиғи да толассыз қоғамдық құбылыс. Идея, идеология дегеніміз тек қалыптасып қалған қасаң түсінік емес, даму барысында күн тәртібіне қойылып отыратын мақсат-мүдде. Болмаса – идеология дегеніміз белгілі бір мақсатқа бағытталған идеялар жүйесі. Осы идеяларды жүзеге асыру арқылы ұлттық немесе әлеуметтік топтың түпкілікті мақсатқа жетуі көзделеді. Сонымен идеология жеке мүддені қолпаштайтын белгілі бір жүйеге келтіріліп, өңделген көзқарастардың жинтығы болып табылады. Мұндай жүйелерді арнайы идеологиялық қызметкерлер жасайды.

Қазіргі замандағы зерттеушілердің айтуынша көп партиялық қоғамда айқын анық бірнеше идеология өмір сүреді. Олардан мемлекеттік идеология жоғары тұрады. Мемлекеттік идеология – бүгінгі күнде үкіметті қолында ұстап отырған партияның идеологиясы. Унитарлық мемлекетте жалғыз ресми идеология болады. Ал басқа идеологиялар болса олар қалтарыста өмір сүреді. Егер үкімет қатаң тәртіпті ұстанса, мемлекеттік идеология міндетті, оның идеялары, қағидалары, ұрандары жұттың барлығы бұлжытпай орындайтын заңға айналады. Мұндай тәртіп орнаған елдерде мемлекеттік идеология екі дәрежеде кездесуі мүмкін. Мысалы, нацистік Германияда мемлекеттік идеология, біріншіден, халық бұқарасына бір талап қойса, екіншіден, элита, ел басшыларына басқа міндет жүктейді. Ал И.В. Сталиннің диктатурасы кезінде біздің елде мемлекеттік идеология қарапайым халық пен басшылардың барлығына бірдей ортақ міндет жүктеді. Сонымен идеология адамдарды саяси және экономикалық міндеттерді шешуге топтастыру мен жұмылдырудың уақыт таразысынан өткен тәсілі, әлеуметтік мінез-құлыққа қалыптастыру механизмі. Осы тұста бір-екі жанама мәселерге назар аударған жөн. Оның бірі – түсініксіз қоғамдық пікір қалыптасып қалғандай: кешегі коммунистік идеология мен бүгінгі тәуелсіз еліміздің идеологиясы арасында бір бос кеңістік, қуыс (вакуум) пайда болды, қоғам бір кезең идеологиясыз қалды деген қағида. Осының өзі ақиқатқа жата ма деген сұрақ туады.

Қарсы пікіршілеріміз сол идеологиялық қуыстың дәлелі ретінде – империялық идеологияның «қазасын», оның өзімен бірге ала кеткен идеологиялық мекемелерін уәж етеді. Идеологияны тек оны ұйымдастырушы, жүргізуші аппараттың қызметінде бағыныштылық жағдайда қоюға бола ма? Жаңа құрылып жатқан идеологиялық бөлім қызметкерлері де әлсін-әлсін сездіріп қалады: міне, енді Президент те түсінді,

әкімшіліктерде мойындай бастады, сондықтан ішкі саясат бөлімдері құрылды – идеологияның негізгі нұсқасы салынды, идеологиялық жұмысқа жағдай туа бастады. Осы дәлелдеме де қаншалықты өзін ақтар екен? Бір-ақ мысал келтіре кетелік, коммунистік партияның түкірігі жерге түспей, бір жақты моноидеологияның «патшасы» болып, бір орталықтан өзі пішіп, өзі шешіп тұрғанда да жергілікті идеологияны басқарған төрайымдар мен төрағалар арнайы мәжілістер мен жиналыстар, насихатшылар, лекторламен кездесулер төрінің тұрақты «құрметті қонақтары» болғанымен, басым көпшілігі аузын бір ашпастан, идеологиялық иісін де ажыратпастан, қоғамнан өткені ақиқат емес пе? Бүгін де кейбір мәдени-рухани құбылыстар сол өткен кезеңдер ұқсастығын сездіреді. Осындайда «... кешегі идеялық басыбайлылық пен идеократиялық үстемділікті қайта тірілтіп аламаймыз ба деген қауіп басым түсіп жатады».

Тақырыптың өзектілігіне тоқталсақ ХХ ғ. 90 ж соңындағы совет әлеуметінің радикалды экономикалық және әлеуметтік саяси трансформациясы мәдени сферадағы өзгерістермен байланысты болды және идеологиялық динамиканы қазіргі қазақстандық қоғам әлеуметтік мәдени эволюциясын анықтайтын басты фактор болғанын көрсетеді. Идеология қазіргі әлеуметтік жүйелер культуругенез басты факторы болғанына байланысты, онда оның механизм қасиетінің мәдени ерекшеліктерін түсінбей қазақстандық қоғам толық даму перспективасын бағалауға болмайды. Идеологияның көптеген әлеуметтік мәдени функциялары бар, маңыздылардың бірі күрделі дифференциалды қоғамда әлеуметтік бірлікті спецификалық құндылықтар бағыты мен белгілі бір мақсатқа деген сенім арқылы құру.

Бұл жерде қазақстан қоғамының құндылықтық кризиста екенін айтып кеткен жөн. Бұл кризис ескі идеология күйреуімен және жаңаның жасалмағындығымен байланысты, сонымен қатар қазақстандық қоғамының толық мәдени бірлігі жоқтығымен. Совет идеологиясының күйреуі жаңа мемлекеттік идеология құрылуына алып келген жоқ, тек толық идея бір біріне қарама қарсы идеологияларға шашылып кетті. Осыдан қазақстан қоғамында ортақ мақсатты идеология болмауы белгілі бір коллективті іс әрекеттер болмауына алып келеді. Жаңа мемлекеттік саяси құрылым Қазақстан Республикасы ғасырлар тоғысында өзінің мәдени және ұлттық бірлігін іздеудегі мәселеге ұрынды. Бұл мәселе пайда болды біріншіден, модернизация үрдісінің аяқталмауымен, екіншіден барлық ескі идеалдардан бас тартып жаңа идеалдар жасай алмауымен. Қазақстан қоғамының рухани сферасында мұндай жаман мінездемелер болған халықты әлеуметтік энергиямен қамтамасыз етпейді. Осыған байланысты қазақстан қоғамы өзін

бір халық ретінде сезіне алмайды, тек оларды бір территорияда өмір сүрген ортақтастырады. Қазіргі кезде әлеуметтік энергия шашылып кетеді немесе кері әсерлі энергияға айналады, себебі біріктіретін ортақ құндылық жоқ.

Осыдан шығатын тұжырым қазіргі қазақстан қоғамына жалпы азаматтық идеология құру өте маңызды мәселе болып табылатынын көре аламыз. Бұл жерде түсінікті, қазіргі рухани кризисті жою үшін Қазақстан өткен тарихы және оны дамыту арқылы символикалық консенсус құру қажет.

Бұл тақырыпқа қатысты еңбектер көп болғанына қарамастан, идеология мен мәдениет байланысының мәселесі және оның қазақстандық қоғамдағы оның механизмінің мәдени көрінісі орын тапқан жоқ, мақсатты түрде қарастырылмаған. Қазіргі қазақстан қоғамындағы әлеуметтік жүйедегі кризистік құбылыстар бар болуы, идеологиялық жоспарлар әлеуметтік мәдени практика мен бағдарламаларда тамыр жаймаған. Мысалы Жапония мемлекеттік ұлттық идеология алсақ. Жапонияның ұлттық идеология түсінігінің астында тарихи құрылған спецификалық мемлекеттік идеологияны ұғынамыз және оны саяси биліктің практикада қолданғанын көре аламыз. Жапондық ұлттық идея - халықтық ішкі және сыртқы мұқтаждығын қамтамасыз ету үшін Жапонияның биліктегі зиялыларымен жасалған ерекше идеологиялық құрылым. Модернистік теорияға сүйенетін болсақ дәл мемлекет модернизация үрдісіне түскенде билік зиялылары халықты ұлттық идеология астында біріктіреді, бұл халықтың жаңа халықаралық қатынастар ішінде сырттан келетін мәселелерге жауап қайта алу үшін жасалады.

Басқа сөзбен айтқанда жапондық ұлттық идея соғыстан кейінгі әлемдік саясатта тірі қалу үшін халық пен билікке қажет болған мемлекеттік идеология. Егер Жапония осы идеологиясын енгізбегенде немесе ол әлсіз жүргенде, ол өзінің экономикалық және саяси билігін әлемдік саясатта жоғалтып алар еді.

Қазіргі кездегі жапондық ұлттық идея – басты орын халық және халық мұқтаждығы болып табылатын жапондық билікпен жасалған идеологиялық көзқарастар комплексі болып табылады.

Зерттеуімізді қорытындылайтын болсақ, біз идеологияға байланысты қарама қарсы ойлар бар екенін көрдік, бірақ оның нәтижелігін Жапонияның мысалында көре аламыз. Осы идеологиясы жүру нәтижесінде ол 30-40 жылда соғыстан кейін ойға келмес жетістіктерге жетті және айтып кететін жай оларда Қазақстан секілді пайдалы қазбаларға бай жері жоқ. Бірақ оған қарамастан әлемде екінші орынды иемденеді. Бұл деген идеологияға жағымды баға береді. Сондықтан осы зерттелген жұмыс өзінің практикалық тұрғыда өзінің орнын табады деп сенемін.

Қоданылған әдебиеттер.

1. Антонович, И. И. Социодинамика идеологий Текст. /И.И.Антонович// Под ред. Э.Н. Короливецкого. Минск : Наука и техника, 1995. - 373 с.
2. Волков, Ю. Г. Идеология и гуманизм Текст. / Ю. Г. Волков, В. С. Малицкий. — Ростов на Дону, 2004.
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы
4. Гаджиев, К. С. Политическая идеология: концептуальный аспект Текст. К. С. Гаджиев. Вопросы философии. 1998. - № 12. - С. 3 - 20.